

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы  
министрлігіҚазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы министрінің м.а.  
2018 жылғы 23 шілдедегі № 317  
бұйрығы. Қазақстан  
Республикасының Әділет  
министрлігінде 2018 жылғы 29  
тамызда № 17320 болып тіркелдіМинистерство сельского хозяйства Республики  
Казахстан

## Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, сондай-ақ «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 48 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14816 болып тіркелген, 2017 жылғы 7 наурызда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

2) «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан



Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 48 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 473 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16091 болып тіркелген, 2017 жылғы 15 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Қағидалардың 16-тармағының үшінші бөлігін қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің  
міндетін атқарушы**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

**А.  
Евниев**

Ақпарат және коммуникациялар министрі

\_\_\_\_\_ Д. Абаев

2018 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

\_\_\_\_\_ Ж. Қасымбек

2018 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ Б. Шолпанқұлов

2018 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ Р. Дәленов

2018 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
міндетін атқарушының  
2018 жылғы 23 шілдедегі  
№ 317 бұйрығымен  
бекітілген

**Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, сондай-ақ «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі – АӨК) субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялаудың негізгі мақсаты капиталды көп қажет етуді төмендету және салынған инвестициялардың өзін-өзі ақтауын арттыру жолымен АӨК-нің басым бағыттарында (секторларында) инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру болып табылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен айқындамалар пайдаланылады:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, «бір терезе»

қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) АӨК-нің басым бағыттары (секторлары) – осы Қағидаларға

1-қосымшаға сәйкес Басымдылық бағыттар тобында көрсетілген, едәуір даму әлеуеті бар АӨК бағыттары (секторлары);

3) АӨК-дегі инвестициялық жоба (бұдан әрі – инвестициялық жоба) – жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге инвестициялар салуды көздейтін іс-шаралар кешені;

4) АӨК-дегі инвестициялық салымдар (бұдан әрі – инвестициялық салымдар) – жер учаскелерін сатып алуға арналған шығындарды қоспағанда, инвестициялық жоба шеңберінде жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге, оның ішінде техника мен жабдықтар сатып алуға бағытталған шығындар;

5) АӨК-дегі инвестициялық субсидиялар (бұдан әрі – инвестициялық субсидиялар) – инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу;

6) АӨК-дегі инвестор (бұдан әрі – инвестор) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес АӨК-нің басым бағыттарына (секторларына) инвестициялық салымдарды жүзеге асыратын АӨК субъектісі;

7) арнайы шот – осы Қағидалардың 36, 37, 38, 39, 40, 41-тармақтарының шарттарына сәйкес инвестициялық субсидиялардың сомалары аударылатын қаржы институтының екінші деңгейдегі банктегі шоты;

8) бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі – әкімші) – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

9) жобаның паспорты – инвестициялық субсидиялауға жататын негізгі құралдар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер түріндегі инвестициялық салымдар тізбесі және оларды өтеу үлесі;

10) жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттылықтарды кеңейту – жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттылықтарды жетіспейтін немесе қажетті жабдықпен (техникамен) жарақтандыруды немесе өндірістік қуаттылықтарды ұлғайтуды және өндіріс көлемін ұлғайтуға және (немесе) өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендетуге және (немесе) өндірілетін өнімнің сапасын арттыруға, оның орамасын өзгертуге және (немесе) ассортиментін кеңейтуге бағытталған өзге де іс-қимылдарды көздейтін іс-шаралар, сондай-ақ, мақсаты нарықта жаңа тауарлық тауашаға орнығу, өткізу нарықтарын кеңейту және басқалар болып табылатын басқа да іс-шаралар;

11) инвестициялық субсидиялау мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) – инвесторлардың өтініштерін қарауға және инвестициялық субсидиялар беру/беруден бас тарту туралы шешімдер қабылдауға арналған тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган;

12) инвестициялық субсидиялау мәселелері жөніндегі комиссияның жұмыс органы (бұдан әрі – жұмыс органы) – облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің ауыл шаруашылығы басқармалары және Астана қаласының инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы;

13) инвестициялық субсидиялау шарты – жұмыс органы, инвестор және оператор арасында жасалатын, инвестициялық субсидиялар қаражатын аударудың тәртібі мен шарттарын, мониторинг барысын, тараптардың жауапкершілігін және өзге де шарттарды көздейтін жазбаша келісім;

14) қаржы институттары – екінші деңгейдегі банктер, банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына тиісті лицензиясы бар микроқаржылық ұйымдар, кредиттік ұйымдар, лизингтік компаниялар, кредиттік серіктестіктер;

15) оператор – инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау жөніндегі операторлық көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын ұйым;

16) өндірістік кешен – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге, өңдеуге, сақтауға, буып-түюге бағытталған өзара байланысты өндірістік қуаттылықтар

(ғимараттар, құрылысжайлар, монтаждалатын жабдық, инженерлік желілер және басқалары) жиынтығы.

## **2-тарау. Инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау тәртібі**

### **1-параграф. Инвестициялық субсидиялаудың жалпы шарттары**

#### **4. Инвестициялық субсидиялар инвесторларға осы Қағидаларға**

1-қосымшаға сәйкес басымдылық топтарында (бұдан әрі – Басымдылық тобы) көрсетілген басым бағыттар (секторлар) тізбесі бойынша инвестициялық жоба шеңберінде құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған шығындар, сатып алынған немесе пайдалануға берілген жабдықтар мен техника бойынша төленеді. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Жобалар паспорттарының тізбесінде (бұдан әрі – Субсидиялауға жататын инвестициялық паспорттардың тізбесі) көрсетілген №1, №2, №3 жобалардың паспорттары бойынша инвестициялық субсидиялау инвестициялық жобаға байланыстырылмай жүзеге асырылады.

Субсидиялауға Мемлекеттік корпорацияға өтінім берілген жылға дейін кемінде екі жыл бұрын пайдалануға берілген, жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге бағытталған инвестициялық жобалар (инвестициялық салымдар) жатады. Бұл ретте, инвестициялық жобалар шеңберінде субсидиялауға инвестор инвестициялық жоба пайдалануға берілетін күнге дейін кемінде 24 ай бұрын шеккен, инвестициялық жоба пайдалануға берілетін күнге дейін кемінде 36 ай бұрын шығарылған жаңа, бұрын пайдаланылмаған техника мен жабдықты сатып алуға арналған шығыстар жатады.

Егер инвестициялық жобамен тек жабдықты және (немесе) техниканы, сондай-ақ Субсидиялауға жататын жобалар паспорттарының тізбесіне сәйкес №1 жобаның паспорты бойынша сатып алу көзделсе, субсидиялауға кемінде үш жыл бұрын шығарылған, Мемлекеттік корпорацияға өтінім берілген жылға дейін кемінде екі жыл бұрын сатып алынған жабдық және техника жатады.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған шығындарды субсидиялау жобаның бизнес-жоспарына сәйкес өндіргіштігі және/немесе өнімділігі және

/немесе өнімді өткізу көлемі және/немесе өндірістік қуаттылықтар жүктемесі бойынша көрсеткіштерге қол жеткізуді көздейтін инвестициялық жобалар бойынша жүзеге асырылады.

Инвесторлардың өтінімдері Басымдылық тобында көзделген кезектілік бойынша басымдылық тәртібімен қаралады.

Осы Қағидаларға 3-қосымша шеңберінде жобалар паспорттарын субсидиялау тек 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүзеге асырылады.

5. Субсидиялау инвестициялық жобаны іске асыру орны бойынша жүзеге асырылады.

6. Тізбесі Субсидиялауға жататын жобалар паспорттарының тізбесінде көрсетілген негізгі құралдарға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге инвестициялық салымдардың бір бөлігі өтеуге жатады.

7. Инвестициялық субсидияларды есептеу нақты салынған инвестициялар бойынша жүзеге асырылады. Шығындарды өтеу пайызы Субсидиялауға жататын жобалар паспорттарының тізбесінде көзделген өтеу үлесіне сәйкес белгіленеді. Өтеу үлесі өзгертуге жатпайды.

Жергілікті бюджеттен қосымша бөлінетін субсидиялар есебінен мынадай жобалардың паспорттары бойынша өтеу үлесін 35%-ға дейін арттыруға жол беріледі:

№ 1 «Ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу» - негіздемелерін көрсете отырып, облыстардың аумақтарын дамыту бағдарламаларында көзделген техникалардың басым түрлері мен жабдықтар бойынша;

№ 7 «Ірі қара малды бордақылауға арналған объектілерді құру және кеңейту» - жаңа технологияларды және/немесе цифрландыру элементтерін қолданатын инвестициялық жобалар бойынша;

№ 10 «Сүтті бағыттағы ірі қара малды өсіруге арналған қуаттылығы 400 бас аналық мал басынан басталатын объектілерді құру және кеңейту» - жаңа технологияларды және/немесе цифрландыру элементтерін қолданатын инвестициялық жобалар бойынша.

Инвестициялық субсидия мөлшері инвестициялық салымдарды өтеудің белгіленген үлесіне сәйкес нақты салынған инвестициялар бойынша, бірақ Жобалар паспорттарының тізбесіне сәйкес әр инвестициялық жоба бойынша



қуаттылық бірлігіне және/немесе техника мен жабдықтың бір бірлігіне субсидияларды есептеу үшін бекітілген ең жоғары жол берілетін құннан артық емес айқындалады.

Оларға сәйкес инвестициялық жобаның құны жобалық-сметалық құжаттамаға сай айқындалатын жобалардың паспорттары бойынша инвестициялық субсидияның мөлшері жобалық-сметалық құжаттамаға сай жобаның құнынан инвестициялық салымдарды өтеудің белгіленген үлесіне сәйкес нақты салынған инвестициялар бойынша, бірақ жобаның паспорттыңда көрсетілген субсидияларды есептеу үшін ең жоғары жол берілетін құннан артық емес айқындалады.

8. Субсидиялауға жататын жобалар паспорттары тізбесінің №1 жобасының паспорттыңда көрсетілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер алаңдарының ең төменгі нормативтері жоба паспорттыңда олар бар болған жағдайда қолданылады және субсидиялауға жататын бір түрдегі техника мен жабдықтың екінші және одан кейінгі бірліктеріне таралады. Бұл ретте субсидиялауға жататын бір түрдегі техника мен жабдықтың екінші және одан кейінгі бірліктері мынадай формула бойынша айқындалады:

$WC = Wж / Н$ , мұнда:

WC – субсидияланатын бір түрдегі техника мен жабдықтың саны;

WT – ауыл шаруашылығы алқаптарының алаңы;

Н – жол берілетін норматив.

Бөлшек цифр алынған жағдайда нәтижесі математикалық жолмен бүтін мәнге дейін дөңгелектенеді.

Жобалар паспорттары тізбесінің № 1 жобасының паспортты бойынша бір түрдегі техника мен жабдықтың бір бірлігін субсидиялау жер алқаптарының нақты болуын ескере отырып, техника мен жабдықтың бір бірлігіне ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер алаңдарының ең төменгі нормативін ескермей жүзеге асырылады.

Белгіленген нормативке сәйкес келетін ауыл шаруашылығы алқаптарының болуы инвестордың жер учаскесіне меншік құқығын немесе уақытша (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) өтемді жер пайдалану (жалдау) құқығын қуәландыратын құжатпен расталады.

Ауыл шаруашылығы кооперативінен өтінім берілген жағдайда, ауыл шаруашылығы кооперативі мүшелерінде тіркелген ауыл шаруашылығы алқаптарының жиынтық алаңы және ауыл шаруашылығы жануарларының аналық бас саны ескеріледі.

Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының санын субсидиялауға өтінім берген сәттегі ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқор арқылы оператор айқындайды. Оператор куәландырған ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан үзінді-көшірмені оператор инвестордың өтініміне қоса береді.

Ауыл шаруашылығы жануарларының бал басын шартты ірі қара мал басына ауыстыру осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

9. Инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау тиісті қаржы жылына арналған бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады.

Жұмыс органы тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік бюджетте көзделген қаражат көлемінен жиынтығынада артық болатын соңғы өтінімді алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға өтінімдерді қабылдауды тоқтату туралы хабарламаны ресми тәртіппен жолдайды.

Мемлекеттік корпорация жұмыс органының ресми хабарламасының негізінде жұмыс органынан тиісті қаржы жылы қосымша қаражат бөлінгені туралы хабарлама алғанға дейін не келесі қаржы жылы өтінімдерді қабылдау басталғанға дейін өтінімдерді қабылдауды тоқтатады.

10. Инвестициялық субсидиялар осы тармақта, сондай-ақ осы Қағидалардың 36-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, инвестициялық жобаның шеңберінде жаңа өндірістік қуаттылықтар пайдалануға берілгеннен немесе жұмыс істеп тұрғандары кеңейтілгеннен, техника мен жабдықтар сатып алынғаннан кейін толық көлемде төленеді.

Жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес инвестициялық жобаның кезегін (сатысын) пайдалануға бергеннен кейін инвестициялық жобаның тиісті кезегін (сатысын) пайдалануға берудің аралық актісін ұсына отырып, инвестициялық субсидияларды төлеуге жол беріледі.

Жобалар паспорттары тізбесінің №11, №12, №25, №32, №33, №34, №35, №36, №37, №38, №39 жобаларының паспорттарында көзделген өңдеу өнеркәсібін дамыту бағыттары бойынша жаңа өндірістік қуаттылықтарды құруға арналған инвестициялық субсидиялар екі траншпен:

1) бірінші транш объектіні пайдалануға бергеннен кейін инвестициялық субсидиялардың жалпы сомасынан 50 % мөлшерінде;

2) екінші транш бизнес-жоспарда көзделген мерзімдерде өндірістік қуаттылықтар жүктемесі кемінде 30 %-ға жеткеннен кейін инвестициялық субсидиялардың жалпы сомасынан 50 % мөлшерінде төленеді.

## **2-параграф. Инвестициялық субсидиялау мәселелері жөніндегі комиссияны құру**

11. Жыл сайын тиісті жылдың 20 қаңтарында дейінгі мерзімде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері өзінің шешімімен облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі, Астана қаласы әкімінің инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі орынбасарының төрағалығымен комиссия құрады және комиссия хатшысын айқындайды.

Комиссия хатшысы оның құрамына кірмейді.

Комиссия тұрақты негізде жұмыс істейді және төрағадан, оның орынбасарынан және жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық және үкіметтік емес салалық ұйымдардың өкілдері болып табылатын басқа мүшелерден тұрады, бұл ретте олардың саны комиссияның жалпы құрамының кемінде жартысын (төрағасын есептемегенде) құрауы тиіс және өңірлік кәсіпкерлер палатасымен келісіледі. Комиссия құрамына қатысуға қоғамдық және үкіметтік емес салалық ұйымдардың келісімі болмаған жағдайда, өңірлік кәсіпкерлер палатасымен келісе отырып, комиссия құрамындағы олардың өкілдерінің санын азайтуға жол беріледі.

Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ болуы және 7 (жеті) адамнан кем болмауы тиіс.

Комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және егер оған комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданған болып саналады.

Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасының немесе ол жоқ болғанда, төраға орынбасарының дауыс берген шешімі қабылданған болып саналады.

Егер отырысқа комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, комиссия отырысы шешім қабылдауға құқылы.

12. Жыл сайын тиісті жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде комиссия инвестордың объектісін, сатып алынған жабдықтарын қарап тексеру және өндірістік қуаттылықтардың жүктемелеріне жеткендігіне көз жеткізу (бұдан әрі – объектіні қарап тексеру) үшін жұмыс органы, жергілікті атқарушы органдар және басқа да ұйымдар мамандарының тобын хаттамалық шешімімен айқындайды.

Топ комиссия отырысын өткізгенге дейін объектіні қарап тексеруге барады. Қарап тексеру инвестордың немесе оның сенім білдірген адамының қатысуымен жүзеге асырылады және оның нәтижесі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестордың объектісін қарап тексеру және өндірістік қуаттылықтардың жүктемелеріне жеткендігіне көз жеткізу актісімен (бұдан әрі - қарап тексеру актісі) ресімделеді.

Бұл ретте, егер инвестициялық жобамен техниканы сатып алу ғана көзделсе, онда жұмыс органының және басқа да ұйымдардың мамандар тобының инвестордың объектісін қарап тексеруі талап етілмейді.

### **3-параграф. Инвестициялық субсидиялауға қатысушылардың өзара іс-қимылы**

13. Операторлық көрсетілетін қызметтерді тартудың орындылығын және олардың құнын жұмыс органы заңнамада белгілінген тәртіппен айқындайды. Оператордың көрсетілетін қызметтерін тарту жөніндегі конкурстық рәсімдер өткізілгеннен кейін заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті жылдың 1 ақпанына дейін жұмыс органы мен оператор арасында оператордың көрсетілетін қызметтеріне төлемақы сомасын көрсете отырып, оператордың қызметтер көрсету тәртібін, талаптарын, сондай-ақ тараптардың жауапкершілігін және өзге де талаптарды көздейтін инвестициялық субсидиялау бойынша оператордың қызметтер көрсетуі жөніндегі шарт (бұдан әрі – қызметтер көрсету жөніндегі шарт) жасалады.

Қызметтер көрсету жөніндегі шартта міндетті түрде оператордың осы Қағидалардың 12-тармағында көзделген жағдайларда, қызметтер көрсетуге арналған шартта көзделген қаражат шеңберінде орындалатын инвестордың объектісін қарап тексеру үшін жұмыс органы, жергілікті атқарушы органдар және басқа да ұйымдар мамандарының шығуын осы Қағидалардың 20-тармағында көзделген мерзімдерде ұйымдастыру қажеттілігі туралы талап, сондай-ақ операторлық қызметтерді жүзеге асыруымен байланысты барлық құжаттарды, тараптардың қолдары және мөрлері қойылып бекемделген қабылдау-беру актісін жасай отырып, жұмыс органына беру жөніндегі оператордың міндеті көрсетіледі.

Операторлық қызметтерді көрсету жөніндегі шарт жасалғанға дейін және оператор болмаған кезде осы Қағидаларда көзделген оператордың функцияларын жұмыс органы жүзеге асырады.

14. Оператордың көрсететін қызметтеріне жасалған қызметтер көрсету жөніндегі шартқа сәйкес, инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялауға көзделген тиісті қаржы жылына арналған қаражат шеңберінде ақы төленеді.

15. Жыл сайын Мемлекеттік корпорацияның өтінімдерді қабылдауы тиісті жылдың 1 ақпанынан басталады.

16. Пайдалануға берілмеген инвестициялық жобалар бойынша инвестор өтінімін комиссия екі кезеңде қарайды.

Бірінші кезеңде комиссия инвестордың осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы шешім қабылдайды.

Комиссия инвестордың өтінімін қараған кезде «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының б) тармақшасында көзделген Ауыл шаруашылығы өнімінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын оңтайлы пайдалану бойынша өңірлерді мамандандырудың ұсынылатын схемасын басшылыққа алады. Инвестор инвестициялық жобалар бойынша жабдықты/техниканы кредитке/лизингке сатып алған жағдайда, комиссия инвестордың осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі /сәйкес еместігі туралы және инвестициялық субсидияларды аванстық төлеммен қаржы институтының арнайы шотына аудару туралы шешім қабылдайды.

Инвесторлардың инвестициялық субсидиялау сомасы 500 (бес жүз) миллион теңге және одан астам болатын өтінімдері бойынша оператор осы Қағидалардың талаптарына сәйкес инвестор ұсынған барлық құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, келісім алу үшін әкімшіге сұраным жолдайды.

Әкімші оператордың сұранымын алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде инвестициялық жобаны іске асырудың салалық орындылығы немесе орынсыздығы туралы хат береді.

17. Инвесторлар мынадай құжаттарды қалыптастырады және Мемлекеттік корпорацияға тапсырады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);
- 2) инвестор қол қойған және мөрмен (бар болса) бекемделген, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық субсидиялауға арналған өтінім (бұдан әрі - өтінім);
- 3) бизнес-жоспарды (өңдеуші өнеркәсіпті дамыту бағыттары бойынша жобаларды іске асыру және құрылыс-монтаждау жұмыстарын субсидиялау кезінде ғана талап етіледі), шарттарды немесе коммерциялық ұсыныстарды қоса бере отырып, жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге арналған инвестициялық салымдар және оларды іске асыру мерзімдері туралы ақпарат;
- 4) жобаны тартылған қаражат (кредит/лизинг) есебінен іске асыру кезінде инвестордың субсидиялар алу ниеті туралы қаржы институтына хабарламаның көшірмесі.

Инвестициялық субсидияларды арнайы шотқа алу үшін инвестор қосымша қаржы институты куәландырған қаржы институтының кредиттік комитетінің оң шешімінің көшірмесін қосымша ұсынады.

Мемлекеттік корпорация жұмыскері инвестордың мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтерді «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер, инвестициялық жоба пайдалануға беріліп қойған, сондай-ақ инвестициялық жоба шеңберінде техника мен жабдықтар сатып алу жүзеге асырылған болса, инвестор осы Қағидалардың 18-тармағында көзделген құжаттарды қосымша ұсынады.

18. Жаңа өндірістік қуаттылықтар құру немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту және инвестициялық жоба объектісін пайдалануға беру немесе техника мен жабдықтар сатып алу бойынша барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін инвестор Мемлекеттік корпорацияға комиссия екінші кезеңде қарауы үшін мынадай растау, құқық белгілеу және/немесе тіркеу құжаттарын ұсынады:

- 1) өтінім;
- 2) инвестордың осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы комиссияның хаттамалық шешімі (бұдан бұрын инвестор бірінші кезеңде өтінім берген жағдайда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялық жоба объектісін пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесі (жаңа өндірістік қуаттылықтар құру немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту кезінде);
- 4) сатып алушы мен жеткізуші арасындағы жабдықтарды пайдалануға беру актісінің көшірмесі (жабдықтар сатып алу кезінде);
- 5) жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға не жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге арналған инвестициялық салымдарды растайтын сатып алу-сату шарттарының, төлем құжаттарының, шот-фактуралардың немесе төлемді растайтын өзге де құжаттардың көшірмелері;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жобалар сараптамасының оң қорытындысы бар жобалық-сметалық құжаттама (олар бойынша жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес субсидиялау көзделген жобалардың паспорттары бойынша);
- 7) ауыл шаруашылығы техникасын, арнайы техника мен технологиялық жабдықтарды қабылдап алу-беру актілерінің көшірмелері;
- 8) ауыл шаруашылығы техникасын сатып алған кезде құқық белгілеу және егер ауыл шаруашылығы техникасын тіркеу көзделсе, тіркеу құжаттарының (көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, техникалық паспорт) көшірмелері беріледі;

9) қаржы институттарында тартылған қаражат есебінен инвестициялық салымдар жүзеге асырылған жағдайда, қаржы институты куәландырған кредиттік /лизингтік шарттар көшірмелері;

10) бизнес-жоспарда көзделген мерзімдерде, өндірістік қуаттылықтардың жүктемесі кемінде 30%-ға жеткеннен кейін осы Қағидалардың 10-тармағының 2) тармақшасына сәйкес инвестор растайтын құжаттарды (бизнес-жоспар, өндірілген өнімнің түрлер бойынша өткізілгенін заттай және құндық мәнде растайтын құжаттар) ұсынады. Қуаттылықтардың жүктемесін растау үшін дара кәсіпкерлерді қоспағанда, осы тармақшада көрсетілген құжаттардың, сондай-ақ екінші кезеңде инвестордың өтінім берген сәтінің алдындағы тоқсан үшін инвестордың «Өнеркәсіп және қоршаған орта статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 15 қарашадағы № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16060 болып тіркелген) бекітілген «Кәсіпорынның өнім (тауар, қызмет) өндіру және жөнелту туралы есебі» жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанының (коды 151103128, индексі 1-П, кезеңділігі тоқсандық) негізінде дайындалатын өндірістік қуаттылықтардың жүктемесіне қол жеткізілгені туралы жұмыс органының мониторинг актісі жасалады.

Инвестор Мемлекеттік корпорацияның ұсынылған көшірмелерді түпнұсқаларымен салыстырып тексеруі үшін жоғарыда көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады.

19. Мемлекеттік корпорация инвестордан келіп түскен өтінімдерді 2 (екі) жұмыс күнінен артық емес мерзімде жұмыс органына береді. Жұмыс органы 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінімдерді операторға жолдайды.

Жұмыс органы мен оператор келіп түскен өтінімдерді инвестициялық бағыттар топтары бойынша өтінімдерді тіркеу журналында тіркейді. Журналдар нөмірленеді, тігіледі және жұмыс органының мөрімен бекемделеді.

20. Оператор (оны тартпаған жағдайда – жұмыс органы) инвесторлардан өтінімдер болған кезде, 10 (он) жұмыс күні ішінде инвесторлар ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді, олардың осы Қағидаларға сәйкестігін



қарайды, субсидиялар есептемелерін жүргізеді, осы Қағидалардың 12-тармағында көзделген жағдайларда инвестордың объектісін қарап тексеру үшін жұмыс органы, басқа да ұйымдар мамандарының шығуын ұйымдастырады және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша комиссия отырысының материалдарына қоса берілетін жобаның инвестициялық субсидиялауға сәйкестігі /сәйкес еместігі туралы өзінің қорытындысын (бұдан әрі - қорытынды) дайындайды, комиссия отырысын шақыру туралы жазбаша хабарламаны оның мүшелеріне жібереді. Комиссияның отырысын өткізу орнын, уақытын және күнін оператор комиссияның төрағасымен келісім бойынша айқындайды.

Осы Қағидалардың 17 және 18-тармақтарының талаптарына сәйкес келмейтін құжаттар ұсынылған жағдайда оператор өтінімді алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ол туралы инвесторды жазбаша нысанда хабардар етеді. Инвестор 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ескертулерді жоймаған жағдайда, оператор құжаттар топтамасының осы Қағидалардың шарттарына сәйкес еместігі туралы көрсете отырып, құжаттар топтамасын комиссия қарауына шығарады.

21. Субсидия беруден бас тарту «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 19-1-бабының 2-тармағында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

22. Комиссия отырысын шақыру туралы хабарламаға электрондық жеткізгіште мынадай материалдар қоса беріледі:

- 1) осы Қағидалардың 17 және 18-тармақтарында көзделген құжаттар;
- 2) оператордың есептемелері мен қорытындысы;
- 3) объектіні қарап тексеру актісі;
- 4) Әкімшінің инвестициялық жобаның салалық орындылығы/орынсыздығы туралы хаты (осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген жағдайларда).

23. Өтінімді мақұлдау/бас тарту туралы шешімді комиссия оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылдайды және ол хаттама түрінде ресімделеді.

Хаттаманы жұмыс органы хаттамаларды тіркеудің тиісті журналында тіркейді. Журнал нөмірленеді, тігіледі және жұмыс органының мөрімен бекемделеді.

24. Пайдалануға берілген инвестициялық жобалар бойынша, сондай-ақ сатып алынған техника мен жабдықтар бойынша өтінімдерді комиссия екі кезеңді рәсімдерді қолданбастан, бір отырыста қарайды.

25. Даулы мәселелер болған кезде, комиссия операторға ауыл шаруашылығы саласындағы тиісті мамандарды не тәуелсіз сарапшыларды тартуды тапсырады. Бұл шарт оператордың қызметтер көрсетуіне арналған шартта көзделген қаражат шеңберінде орындалады.

Қажет болған жағдайда, өтінімде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында комиссия инвестордан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда сұратады. Комиссия сұратқан ақпаратты инвестордың беру мерзімі комиссияның хаттамалық шешімінде көрсетіледі.

26. Комиссияның хаттамалық шешімі:

1) мақұлданған/бас тартылған инвесторлардың атаулы тізбесін, бас тарту себептерін (бас тартылған жағдайда);

2) әрбір инвестор үшін инвестициялық жоба бойынша инвестициялық субсидиялар сомаларын және оларды төлеу тәртібін қамтуы тиіс.

27. Комиссия хатшысы қол қойған және жұмыс органының мөрімен расталған комиссия отырысы хаттамасынан үзінді-көшірме комиссия мүшелері хаттамаға қол қойғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде кейіннен инвесторларға беру мақсатымен одан әрі Мемлекеттік корпорацияға жіберу үшін операторға жолданады.

#### **4-параграф. Инвесторға инвестициялық субсидиялар беру**

28. Инвестициялық субсидия беру жұмыс органы, оператор және инвестор арасындағы үшжақты инвестициялық субсидиялау шартына сәйкес жүзеге асырылады.

29. Инвестициялық субсидиялау шарты комиссияның шешімі негізінде жасалады және инвесторға қаражатты аударудың тәртібі мен шарттарын, жұмыс органының объектіге және инвестор қызметіне мониторинг жүргізуі шарттарын, тараптардың жауапкершілігі мен өзге де шарттарды көздейді.

30. Жұмыс органы, оператор және инвестор арасындағы инвестициялық субсидиялау шартынан басқа, сатып алынатын жабдықтарды, техниканы

мақсатты пайдалану және субсидиялау сәтінен бастап 3 (үш) жыл ішінде иеліктен шығармау (оның ішінде сублизингке бермеу) туралы келісім (бұдан әрі – мақсатты пайдалану туралы келісім) жасалады. Жабдықтар мен техниканы маусымдық тоқтау кезінде басқа да қызмет түрлеріне пайдалануға болады.

31. Инвестициялық субсидиялау шартына және мақсатты пайдалану туралы келісімге мынадай тәртіппен қол қойылады:

1) оператор мен инвестор арасында – комиссия шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

2) жұмыс органы – оператордан инвестициялық субсидиялау шартын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

32. Оператор инвестициялық субсидиялау шартына қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыс органына әрбір инвестор бойынша инвестициялық субсидияларды аудару туралы ұсыныс енгізеді.

33. Инвестор өз қаражатын пайдаланған жағдайда, инвестициялық субсидиялар сомасын жұмыс органы инвестордың есептік шотына аударады.

Техниканы, жабдықтар мен басқа да объектілерді кредитке/лизингке сатып алған кезде инвестициялық субсидиялар инвестормен келісім бойынша инвестордың негізгі борышын өтеу есебіне қаржы институтына не инвестордың есеп шотына аударылады.

34. Инвестициялық салымдар кезіндегі шығындарды өтеуді көздейтін шараларды қоспағанда, инвестициялық субсидиялау басқа мемлекеттік қолдау шараларымен қатар жүргізілуі мүмкін.

35. Инвестициялық субсидиялар оларға қатысты тарату, оңалту немесе банкроттық рәсімдері басталған, сондай-ақ жеделдетілген оңалту рәсімдерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтері уақытша тоқтатылған инвесторларға берілмейді.

#### **5-параграф. Тартылған қаражат есебінен инвестициялық салымдар бойынша инвестициялық субсидиялаудың жекелеген шарттары**

36. Инвестор жабдықты/техниканы кредитке/лизингке сатып алған жағдайда инвестициялық субсидияларды қаржы институтының арнайы шотына аванстық төлеммен аударуға рұқсат беріледі.

Аталған қаражат инвестициялық жобаны қаржыландыру/техниканы және (немесе) жабдықтарды лизингке беру туралы қаржы институтының тиісті органының шешімі болған кезде аударылады, оның расталған көшірмесі жұмыс органына беріледі.

Субсидияларды қаржы институтының арнайы шотына аванстық төлеммен аудару тетігін қолдануға арналған өтінімді комиссия екі кезеңді рәсімді пайдаланбай, бір отырыста қарайды.

Бұл ретте, №1, №2, №3, №4, №6, №9, №13, №14, №18, №19 жобалар паспорттарының шеңберінде қаралған өтінімдер бойынша инвестициялық субсидияларды қаржы институтының арнайы шотына аванстық төлеммен аудару тетігін қолданудың мақсатқа лайықтығын инвестор айқындайды, бұл инвестициялық субсидиялауға арналған өтінімде көрсетіледі.

№5, №7, №8, №10, №11, №12, №15, №16, №17, №20, №21, №22, №23, №24, №25, №26, №27, №28, №29, №30, №31, №32, №33, №34, №35, №36, №37, №38, №39 жобалар паспорттарының шеңберінде қаралған өтінімдер бойынша инвестициялық субсидияларды қаржы институтының арнайы шотына аванстық төлеммен аудару тетігін қолданудың мақсатқа лайықтығы комиссияның хаттамалық шешімімен айқындалады.

37. Инвестициялық субсидияларды арнайы шотына алу үшін инвестор осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген құжаттармен бірге қаржы институты расталған қаржы институтының кредиттік комитетінің оң шешімінің көшірмесін ұсынады.

Комиссияның оң шешімі алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыс органы, қаржы институты және инвестор арасында үшжақты шарт және осы Қағидалардың 38, 39-тармақтарында көзделген шарттар орындалғанға дейін қаржы институтының арнайы шоттағы ақшаны пайдаланбауы туралы келісім жасалады.

38. Қаржы институты кредит беру жолымен инвесторды қаржыландырған жағдайда, егер инвестор мен қаржы институты арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, комиссияның оң шешімінің көшірмесін және арнайы шотқа қаражат алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кредит шартында көзделген қаражатты инвестордың шотына аударды және жұмыс органына растайтын құжаттарды, сондай-ақ кредит шартының көшірмесін ұсынады.

39. Қаржы институты техниканы және (немесе) жабдықтарды лизингке беру жолымен инвесторды қаржыландырған жағдайда, егер инвестор мен қаржы институты арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, комиссияның оң шешімінің көшірмесін және арнайы шотқа қаражат алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаржылық лизинг шартында көзделген қаражатты инвестордың шотына аударады және жұмыс органына растайтын құжаттарды, сондай-ақ қаржылық лизинг шартының көшірмесін ұсынады.

Қаржы институты үшжақты шартқа және қаржы институтының арнайы шоттағы ақшаны пайдаланбауы туралы келісімге қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 180 күннен артық емес мерзімде жұмыс органына лизинг нысанасын қабылдап алу-беру актісін және лизинг нысанасының түпкілікті құнын айқындау жөніндегі лизинг шартына қосымша келісімді қоса бере отырып, инвесторға техника мен жабдықты жеткізуді аяқтау туралы жазбаша хабарлама жолдайды.

Бұл ретте, қаржы институты осы Қағидалардың осы тармағының 2-бөлігінде көзделген талаптар орындалғанға дейін арнайы шотта тұрған қаражатты пайдалана алмайды.

Олар бойынша лизинг нысанының түпкілікті құны комиссияның тиісті хаттамалық шешімімен көзделген субсидияларды есептеуге арналған ең жоғары жол беретін құннан кем болған инвесторлардың өтінімдері бойынша жұмыс органы субсидияларды қайта есептеуді жүзеге асырады, айырмашылық (арнайы шотқа артық аударылған қаражат) сомасын анықтайды және 3 (үш) жұмыс күнінен артық емес мерзімде қаржы институтына айырмашылық (арнайы шотқа артық аударылған қаражат) сомасын жұмыс органының есеп шотына қалпына келтіру қажеттілігі туралы хабарлама жолдайды.

Қаржы институты жұмыс органынан хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен артық емес мерзімде жұмыс органының есеп шотына қаражатты хабарламада көрсетілген мөлшерде қалпына келтіреді.

Олар бойынша лизинг нысанасының түпкілікті құны комиссияның тиісті хаттамалық шешімімен көзделген субсидияларды есептеуге арналған ең жоғары жол берілетін құннан іс жүзінде артық болған инвесторлардың өтінімдері бойынша субсидияларды қайта есептеу жүзеге асырылмайды.

40. Қаржы институты осы Қағидалардың 38-тармағында (кредит беру жолымен инвесторды қаржыландырған жағдайда) немесе осы Қағидалардың 39-

тармағының бірінші бөлігінде (техниканы және (немесе) жабдықты лизингке беру жолымен инвесторды қаржыландырған жағдайда) көзделген шарттарды орындамаған жағдайда, қаржы институты жұмыс органы арнайы шотқа аударған қаражатты 3 (үш) жұмыс күні ішінде толық көлемде қалпына келтіреді. Бұл ретте, ағымдағы қаржы жылы жүргізілген төлемдерді қайтару орындалмаған міндеттемелер сомасын ұлғайту және бюджеттік шығыстар сыныптауышының тиісті кодтары бойынша кассалық шығыстарды азайту жолымен жұмыс органының кассалық шығыстарын қалпына келтірумен жүзеге асырылады. Өткен жылдардағы төлемдер қайтарылған жағдайда қайтару сомасы төлемақы жүргізілген тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

41. Арнайы шотқа аударылған қаражатты қаржы институты инвесторға инвестициялық субсидия беру туралы комиссияның оң хаттамалық шешімінің негізінде, инвестициялық жоба шеңберінде жабдықтар мен техниканы сатып алуға пайдаланылған кредит/лизинг бойынша инвестордың негізгі борышын өтеу есебіне есептейді.

#### **6-параграф. Дайын жобалар лизингі бойынша субсидиялау**

42. Жаңадан пайдалануға берілген өндірістік кешен лизингке сатып алынған кезде (дайын объекті лизингі) осы Қағидаларға сәйкес инвестор лизинг алушы бола алады. Өтінім беру күніне дейін 12 (он екі) айдан ерте емес пайдалануға енгізілген кешен жаңадан пайдалануға берілген өндірістік кешен болып табылады.

43. Инвестор дайын объектілердің лизингі бойынша инвестициялық субсидиялар алу үшін мыналарды береді:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);
- 2) өтінім;
- 3) инвестор, лизинг беруші және объектіні сатушы арасындағы үшжақты келісімі;
- 4) сатушы мен лизинг беруші арасында жасалған объектіні сатып алу-сату шарты;
- 5) қаржы институты растаған объект лизингі шарты;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялық жоба объектісін пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесі (жаңа өндірістік қуаттылықтар құру немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту кезінде);

7) жабдықты және/немесе инвестициялық объектіні пайдалануға беру актісінің көшірмесі;

8) инвестициялық жобаны іске асыру кезіндегі сатушының инвестициялық салымдарын растайтын сатып алу-сату шарттарының, төлем құжаттарының, шот-фактуралардың және өзге де құжаттардың көшірмелері;

9) жабдықты қабылдап алу-беру актілерінің көшірмелері;

10) жобаға бизнес-жоспар;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жобалар сараптамасының оң қорытындысы бар жобалық-сметалық құжаттама (олар бойынша жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес субсидиялау көзделген жобалардың паспорттары бойынша).

Мемлекеттік корпорация жұмыскері инвестордың мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтерді «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Дайын объектілердің лизингі бойынша субсидиялау шеңберінде техниканы сатып алуды субсидиялау жүзеге асырылмайды.

### **3-тарау. Қорытынды ережелер**

44. Инвестициялық субсидиялау мониторингін жұмыс органы мынадай өлшемшарттар бойынша және мынадай мерзімдерде жүзеге асырады:

1) субсидиялау сәтінен бастап 3 (үш) жыл ішінде инвестордың сатып алынған техника мен жабдықтарды иеліктен шығармауы және мақсатты пайдалануы;

2) субсидиялауға жататын Жобалар паспорттары тізбесінің №11, №12, №25, №32, №33, №34, №35, №36, №37, №38, №39 жобаларының паспорттары бойынша инвестициялық субсидиялау объектісінің пайдалануға берілген сәттен бастап

күнтізбелік бір жыл ішінде жұмыс істеуі/істемеуі, инвестициялық субсидиялау объектісінің бизнес-жоспарда көзделген мерзімдерде кемінде 30% мөлшеріндегі жобалық қуатқа шығуға қол жеткізуі/қол жеткізбеуі тұрғысынан;

3) осы Қағидалардың 4-тармағының 4-бөлігіне сәйкес құрылыс-монтажда жұмыстарын субсидиялау жүзеге асырылған инвестициялық жобалар бойынша бизнес-жоспарға сәйкес өндіргіштігі және/немесе өнімділігі және/немесе өнімді өткізу және/немесе өндірістік қуаттылықтар жүктемесі бойынша көрсеткіштерге қол жеткізуді орындау тұрғысынан.

45. Мониторинг функцияларын жүзеге асыру үшін жұмыс органы инвестордан осы Қағидалардың 44-тармағында көзделген қажетті ақпаратты сұратады. Оператордың көрсетілетін қызметтерін тартқан жағдайда, жұмыс органы оператордан, оператор инвестордан осы Қағидалардың 44-тармағында көзделген қажетті ақпаратты сұратады.

Инвестор 10 (он) жұмыс күні ішінде операторға, ол болмаған жағдайда жұмыс органына сұратылған ақпаратты ұсынады. Оператор (бар болса) 2 (екі) жұмыс күні ішінде сұратылған ақпаратты жұмыс органына ұсынады.

46. Оператор, ол болмаған жағдайда жұмыс органы келіп түсетін ақпаратты талдайды.

Инвестор ол бойынша құрылыс-монтажда жұмыстарын субсидиялау жүзеге асырылған инвестициялық жобаның бизнес жоспарына сәйкес өндіргіштік және/немесе өнімділік және/немесе өнімді өткізу және/немесе өндірістік қуаттылықтарды жүктеу бойынша көрсеткіштерге қол жеткізбеген жағдайда жұмыс органы 2 (екі) жұмыс күні ішінде төленген инвестициялық субсидияларды қайтару/қайтармау туралы мәселені комиссияның қарауына шығарады. Комиссия төленген инвестициялық субсидияларды қайтару/қайтармау туралы шешім қабылдаған кезде жұмыс органы осы тармақтың 4, 5 және 6-бөліктерінде көзделген іс-қимылдарды қабылдайды. Бұл ретте, төленген субсидияларды қайтармау туралы шешімді комиссия орын алған форс-мажорлық мән-жайлар (оларды инвестор болжай алмайтын және алдын ала алмайтын еңсерілмес күш мән-жайлары) салдарларының объективті факторларының негізінде қабылдайды.

Инвестор сатып алынған техниканы және/немесе жабдықтарды иеліктен шығарған және/немесе мақсатты пайдаланбаған, өндіріс объектісі пайдалануға берілген сәттен бастап күнтізбелік бір жыл ішінде жұмыс істемеген немесе объект



